

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК қызметкерлері сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оның талаптарын сақтау мәселелері
бойынша қолданыстағы заңнаманы түсіндіру бойынша семинардың
ХАТТАМАСЫ**

Тобыл қаласы

№5

19.05.2025 жылы

Комплаенс Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауыл шаруашылығы колледжі» КМҚК қызметі Д.А. Дуйсубаеваның атынан семинардың басталғаны туралы хабарлады.

Төрағасы: колледж директоры – Баймағамбетов М. С.

Қатысқандар: Директордың орынбасарлары, ұстаздар, студенттер.

Жауапты тұлға: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Дуйсубаева Д. А.

Күн тәртібі:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі.


Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет бұқаралық ақпарат құралдарында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

ШЕШІМІ: Барлық ақпарат назарға алынсын.

Сағат 12: 30-де іс-шара аяқталды деп жарияланды.

Жоғарыда аталған жұмыс колледждің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Төраға

 М. С. Баймағамбетов